

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-
ФАРАБИ

**ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАТЫНАСТАРЫ:
ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
Н.МҰҚАМЕТХАНҰЛЫНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА
ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

14 мамыр 2014 ж.



**ОТНОШЕНИЯ КИТАЯ СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ, ПОСВЯЩЕННОЙ 60-ЛЕТНЕМУ
ЮБИЛЕЮ
ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА
НАБИЖАН МУКАМЕТХАНУЛЫ

14 мая 2014 г.

Алматы: «Қазақ университеті», 2014

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған

(27 ақпан 2014 ж. №8 хаттама)

Қытай мен Орталық Азия елдері қатынастары: тарихы мен болашағы: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы (14 мамыр 2014 ж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – ... с

Бұл жинақта Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастардың тарихы мен болашағы кең көлемде талқыланады. Әсіресе, ҚХР Орталық Азия елдеріне ұстанған сыртқы саясаты мен екі жақты және көпжақты дипломатиялық қатынастарының қазіргі жағдайы мен болашақ даму беталыстары, сонымен қатар халықаралық қатынастар мен халықаралық құқық, әлемдік экономиканың түрлі мәселелері қарастырылатын «Қытай мен Орталық Азия елдері қатынастары: тарихы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары ұсынылған.

Конференция тарихи ғылымға, Орталық Азия тарихы, ұлттық тарих пен қытайтану мәселелерінің зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұқаметханұлының 60 жылдық мерейтойына арналған.

Жинақтың бірінші бөлімінде мерейтой иесінің әріптестері, замандастарының лебіздері, екінші бөлімінде – төрт секцияға бөлінген конференция қатысушыларының мақалалары ұсынылған.

ҒЫЛЫММЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

*Қ.Е. Байзакова
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Еуропалық ақпарат орталығының директоры*

ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Нәбижан Мұқаметханұлы 1954 жылы 12 сәуірде ҚХР ШҰАР Іле қазақ автономиялы облысы Тоғызтарау ауданы Мұқыр ауылында қызметкер отбасында дүниеге келді. 1970 жылы Жырғалаң орта мектебін бітіріп, сол ауылға «қайталай тәрбиеге» барып, екі жыл өндіріс отрядында кассир болып жұмыс істеді. 1973 жылы ол жоғары оқуға қабылданып, 1977 жылы Қытайдың Гуанчжоу қаласындағы Сунь Ятсень атындағы мемлекеттік университетінің Тарих факультетін тарих мамандығы бойынша бітірді.

Н.Мұқаметханұлы еңбек жолын ҚХР Іле Қазақ автономиялы облыстық Партия комитетінің үгіт-нәсихат бөлімінде маман болып бастады. 1980 жылы ол конкурс арқылы Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясының Орталық Азия зерттеу институтына қылыми қызметкер болып қабылданды. Содан бастап ол ғылым жолына түсті. Алғашқы жылдары Қытай мен Орталық Азия қарым-қатынастар тарихын зерттеумен шұғылданады. 1985-1987 жылдары Пекин университетінің Тарих факультетінде профессор, атақты тарихшы ғалым Чжан Гуанданың жетекшілігінде стажровкадан өтті. 1989 жылы Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясының ұлттарды зерттеу институты директорының ғылымға жауапты орынбасары міндетіне тағайындалады және жетекші ғылыми қызметкер атағына ие болды. Бұл міндеттерді ол 1993 жылы сәуірге дейін, яғни тарихи отаны – Қазақстанға оралғанға дейін абыроймен атқарды.

Нәбижан Мұқаметханұлы 1993 жылы сәуірде елге оралып, ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына докторантураға қабылданды, 1993-1997 жылдары академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың жетекшілігінде ғылыми жұмыстар жазды және Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде жапон тілі курсы ашып, аталмыш университетте жапон тілі пәнін оқытудың негізін қалыптастырды. 1997-2000 жылдары Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында жетекші ғылыми қызметкер болып істеді. 2000-2007 жылдары ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті шетелдердің жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасында

доцент, профессор және кафедра меңгерушісі (2005-2007 ж.) қызметін атқарады. 2007 жыл қыркүйектен қазірге дейін осы университеттің Халықаралық қатынастар факультеті халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында профессоры және 2012 жылы мамырда университет жанынан құрылған «Қазіргі заманға Қытайды зерттеу орталығының» директоры қызметін атқарып келеді.

Нәбижан Мұқаметханұлы 1995 жылы сәуірде «Қазақ-қытай қарым-қатынастарының даму тарихы /XVIII-XX ғасырлар арасында/» атты тақырыпта 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2001 жылы желтоқсанда «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы /1860-1920 ж./» тақырыбында 07.00.03. – Жалпы тарих және – 07.00.02 - Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғады. Оның докторық диссертациясы ҚР БҒМ ЖАК тарапынан сол жылғы ең үздік диссертация болып бағаланды.

Нәбижан Мұқаметханұлы ғылыми зерттеуге ерте келген маман. Ол 1980 жылдан бастап Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясында Орталық Азия мен Қытай қарым-қатынастар тарихын зерттеумен айналысады, әсіресе, XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстан мен Қытай байланыстарын ден қоя зерттеді. «Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлауы және қазақ халқының қарсылық күресі» (1982 ж.), «Абайдың әлеуметтік идеясы» (1983 ж.), «Абылай хан туралы зерттеу» (1984 ж.), «Қазақтар Чиң (Цин) патшалығы қатынастары» (1987), «XV – XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастары» (1988 ж.) сияқты өзекті тақырыптар бойынша зерттеу мақалалары қытай тілінде жарияланып, қазақ тілінде «Қазақ тарихынан зерттеулер» деген атпен баспадан шықты (1989 ж. Үрімжі). Сондай-ақ ол Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясынан қазақ тіліндегі «Шыңжаң Қоғамдық ғылымы» атты ғылыми журналдың шығуына атсалысып, алғашқы жауапты редакторы міндетін қосымша атқарды.

Нәбижан Мұқаметханұлы отанға оралған соң өзінің үлкен ғылыми дайындықпен келген ғалым екендігін практикада дәлелдеді. Ол университетте білім бере жүріп, кең көлемде ғылыми зертеумен шұғылданып келеді. Қазірге дейін 6 республикалық ғылыми зертеу жобаға қатысып, ұжымдық көлемді ғылыми еңбектер жазуға атсалысты. Солардың ішінде оның басқалармен бірлесіп жазған «Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі» («Казахская диаспора: настоящее и будущее» (2005); «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және орта ғасырлар кезеңі)» (2007); (История Казахской государственности/древность и средневековье/); «Еуроазиялық интеграция және қазақ диаспорасы» (2007) сияқты монографиялар баспадан жарық көрді.

Нәбижан Мұқаметханұлының зерттеу аясы кең. Ол ескі қытай жазбалары негізінде қазақ халқы мен қазақ мемлекеттілігінің қайнар көзін терең зерделеп, қазақ халқы көптеген этноқайнардан бастау алған, сан ғасырлар бойы дамып біртіндеп біртұтастану үдерісін бастан өткізіп XV

ғасырда дербес ұлт болып қалыптасты деп қарайды, яғни қазақтардың ең арғы этногенезі б.з.д. бір мыңжылдықта тарих саханасына көтерілген сак (шығыс бөлігі), хун, сүйсін, қаңлы және аланлардан (яньцай) бастау алған деп тұжырым жасады. Сондай-ақ Қазақ мемлекеттілігі де аталған этникалық топтар құрған алғашқы мемлекеттік құрылымдардан бастау алды деген көзқарасын дәлелдеді.

Нәбижан Мұқаметханұлы Қытай Чиң (Цин) империясының орда күнделіктері мен жазба құжаттарын жүйелі түрде саралай отырып, қазақ-қытай арасындағы саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени бйланыстарды жаңаша сипаттады. Ол Қазақ хандығы ордасының немесе Абылай ханның Чиң патшалығына Ойрат Тотын жазуында хат жолдағынын, Ресейге шағатай жазуыда хатнама жолап отырғандығын дәлелдеу арқылы Қазақ хандығы ордасында құжат жазу мәдениетінің болғанын дәйектеген ғылыми мақласын алғаш рет Қытайда жариялады («Шыңжаң Қоғамдық ғылымы» журналы. 1991 ж. № 1, 70-91 б.). Ол осы саладағы зерттеулерін Елге келгеннен кейін де жалғастырып, құнды ғылыми еңбектер жазды және абылайнату ғылымының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай зор үлес қосты.

Нәбижан Мұқаметханұлы елімізде қытайтану ғылымын қалыптастыру үшін құлшына жұмыс жасап келеді. Оның бастамасымен 20012 ж. әл-Фараби ат. ҚазҰУ жанынан «Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығы» құрылды, оған өзі жетекшілік етіп, алғашқы ғылыми еңбектерін «Қытайды зерттеу» сериясы бойынша баспадан шығара бастады. Атап айтқанда, оның ҚР-дың ҚХР-дағы Бас елшісі болған Жәнібек Кәрібжановпен бірлесіп жазған «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар)» (2013), «Қазіргі заманғы Қытай және оның Қазақстанмен қатынасы» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары» (2014), «Ізденіс: тарих және замана» (ғылыми мақалар жинағы) сияқты еңбектер Орталықтың алғашқы нәтижелері ретінде жарық көрді. Бұлар да отандық ғылымның дамуына қосылған құнды еңбектер болып табылады.

Нәбижан Мұқаметханұлы 270-тен аса ғылыми және теориялық танымдық еңбектердің, оның ішінде оннан аса ғылыми монографиялар мен оқу құралдарының авторы. Бұл еңбектердегі ежелгі үйсін, қаңлы, алан мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті, ерте заманнан қазірге дейінгі тарихи кезеңдердегі Орталық Азия, Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар, Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректер, қазақ диаспорасы мен оралмандар мәселесі, ұлттық біртұтастық пен ұлт тәрбиесі жөніндегі зерттеулері, ой-түйіндері, тұжырымдары өзіндік жаңалығымен отандық гуманитарлық ғылымның дамуына үлкен үлес болып қосылды. Оның еңбектері қазақ, қытай, орыс, түрік, моңғол және ұйғыр тілдерінде жарық көрді.

Нәбижан Мұқаметханұлы өз саласында республикамызға және әлемге танымал ғалым. Ол қазірге дейін 200-ге тарта Республикалық және Халықаралық ғылыми конференцияда баяндама жасады. Алыс жақын шетелдерге де ұсыныспен барып баяндама жасады. Мысалы, Дүниежүзі

тарихшылар бас Асоциациясы (ICHS General ASSEMBLY) 16-18 қыркүйек 2007 жылы Пекинде ұйымдастырған «Қытай тарих ғылымының қазіргі жағдайы және перспективі» деген Конгреске қатысып «Қытай тарихшыларының Қазақстан және Орталық Азия елдерін зерттеу еңбектеріне шолу» деген тақырыпта баяндама жасады; 2010 жылы 26 қарашада Швейцарияның Цюрих университеті Социалкультурология - антропология бөлімі ұйымдастырған «Kazakh Diasporas: Issues of Migration and Ethnicity - Қазақ диаспорасы: миграциясы және этикалық танылу мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференцияға қатысып «Қазақстандағы қазақ диаспорасы және мәдениеттер тоғысы» деген тақырыпта баяндама жасады; 2012 жылы 18 тамызда Сеул қаласында (Оңтүстік Корея Мемлекеттік музей ұйымдастырған өткен ««Шығыс Азия мен Орталық Азияның ежелгі тарихын қайта тану» Халықаралық ғылыми конференцияға қатысып, «Қазақар мен корейлердің тәңірлік ұғымдарының ортақтығы жөнінде» деген тақырыпта баяндама жасады т.б.

Нәбижан Мұқаметханұлы маман кадрлар дайындауға үлкен үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен 4 ғылым кандидаты, 2 философия докторы (PhD), 70-тан сатам магистрлер ғылым жұмыстарын қорғады.

Ол студенттерге кәсіби білім берумен қатар, оларды ертерек ғалымға бейімдеу үшін, 2008 жылы факультетте «Шығыс жұлдызы» үйірмесін құрып, оған доцент Бинұр Балаубаевамен бірге жетекшілік етіп келеді. Үйірмеге үздік оқитын студенттерді тартып, жылына 4-5 рет ғылыми дөңгелек үстел ұйымдастырып, белгілі ғалымдармен кездесулер өткізіп, жастардың үйренуге, ғылымға деген қызығуын артырып келеді. Бұл үйірме 2012 жылы университет бойынша үздік үйірмелердің бірі болып бағаланды.

Нәбижан Мұқаметханұлы әл-Фараби ат. ҚазҰУ жанындағы Докторлық диссертациялық Кеңестің мүшесі, төрағаның орынбасары, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде тарих ғылымдары бойынша сараптау Кеңесінің мүшесі, Л.Н.Гумилов ат. ЕҰУ жанындағы тарих ғылымдары бойынша PhD докторлық диссертациялық Кеңестің мүшесі болып жұмыс істеді, сол барыста ол өзінің принципшіл жоғары деңгейдегі сарапшы ғалым екендігін дәлелдеді. Ол Қазақстан ұлттық энциклопедиясы (10 томдық) ғылыми кеңесшісі және авторларының, «Түркістан Халықаралық энциклопедия»-сының авторларының, «Абылай хан энциклопедиясының» ретколлегия мүшесі және авторларының бірі, «ҚазҰУ Хабаршысы – халықаралық қатынастар және халықаралық құқық» сериясының редакциялық алқа мүшесі.

ҚХР ШҰАР Жастар ассоциациясының тұраты мүшесі (1983-1993), Бүкіл қытайлық жастар құрылтайының 7-кезекті депутаты және Ассоциация мүшесі (1991 жылдан), Қытай ұлттар тарихы ғылыми қоғамының мүшесі, Қазақстан тарихшылары Ассоциациясының мүшесі. 1990 жылғы Қытай «Он үздік қытай жастары»-ның бірі, 1990 жылы Қытай жастар сыйлығының иегері. Қытай этнография ғылыми қоғамының шетелдік мүшесі (2010 жылдан). 2008-2009 оқу жылындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның ең

үздік оқытушысы, 2009 жылы ҚР Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы грантының жеңімпазы.

Нәбижан Мұқаметханұлы 1989 жылы Құлжа қаласында Гүлнұр Дәуенқызымен үйленген. Зәуре және Мардан деген екі бала сүйген. Зәуре шет тілдері филологиясы магистрі, әл-Фараби ат. ҚазҰУ Шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Жарқын Сұлтанғалиұлымен үйленген, Бекзат деген ұлы бар, Мардан архитектура ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Қытай мұнай-газ компаниясында жетекші инженер, Жадыра Болатқызымен үйленген, Айзере және Дәния деген қыздары бар. Бүгінгі таңда Набижан ағамыз қормалды ата, беделді ғалым, ұлағатты ұстаз, бақытты жан.

Нәбижан Мұқаметханұлы мінезі жайдары, көңілі таза, көпшіл, халықшыл патриот азамат. Ол спортқа әуес, жас кезінде баскетбол ойнаған, ұзаққа жүгірген, биікке секірген. Қазір теледидардан спорт бағдарламаларын карауды жақсы көреді.

Негізгі ғылыми еңбектері:

1. Қазақ тарихынан зерттеулер. –Үрімжі (ҚХР): Жыңжаң жастар өрендер баспасы. -1989, 214 б.
2. Тарихи зерттеулер. – Алматы: Жалын баспасы. -1994, 144 б.
3. ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. –Алматы: Санат баспасы.- 1996, 128 б.
4. Чиң патшалығы кезіндегі қазақтар. –Үрімжі (ҚХР): шыңжаң халық баспасы. -1997, 198 б.
5. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.).- Алматы: ҚазАПАРАТ баспасы. – 2000, 336 б.
6. Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі (со автор). –Астана: Елорда баспасы. – 2005, 352 б.
7. ХХ ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы (**Оқу құралы**). –Алматы: Қазақ университеті баспасы. - 2006, 168 б.
8. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең /со автор/). –Алматы: ADAMAR. -2007, 432 б.
9. История казахской государственности (древность и средневековье- со автор/). –Алматы: ADAMAR. -2007.
10. Еуроазиялық интеграция және қазақ диаспорасы (со автор).- Алматы: Жеті жарғы. – 2007, 216 б.
11. Қазақ тарихының өзекті мәселелері. – Павлодар: Brand Print. - 2010, 312 б..
12. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы: Тарих тағылымы. – 2010, 254, 202 б.
13. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатнасы (2000-2010 ж. Ж.С.Кәріпжановпен). –Алматы: Қазақ университеті. – 2013, 254 б.